

«Келісіді»
«ШКО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.

А. Кездикбаева
«__» _____ 2023 ж.



«Бекітіледі»
«Зайсан облыстық техникалық және кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.

Б. Илханов
«__» _____ 2023 ж.



Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің
ауыл шаруашылық бағытындағы оқу орындарының студенттері арасында
«Шығыс Қазақстан облысының
ветеринария және мал шаруашылығының жағдайы мен даму болашағы»
атты облыстық ғылыми конференциясының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіби білім беру жүйесі ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындары студенттерінің арасында өтетін «Шығыс Қазақстан облысының ветеринария және мал шаруашылығының жағдайы мен даму болашағы» атты облыстық ғылыми конференциясы (ары қарай - Конференция) ауылшаруашылық бағытындағы облыстық әдістемелік бірлестігінің (ары қарай - ОӘБ) жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.1. Осы ереже Конференцияның мақсаттарын, міндеттерін, әдістемелік камтамасыз етуді, өткізу, қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін анықтайды.

1.2. Конференцияны өткізу мерзімі: **12 мамыр 2023 жыл сағат 10.00-ден 14.00 дейін онлайн** форматта, ZOOM платформасында (сілтемесі кейінірек жіберіледі).

1.3. Өткізу орны: «Зайсан технология колледжі» КММ, ШҚО, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Жангелдин көшесі, 106.

1.4. Конференцияны ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Зайсан технология колледжі» КММ, ауылшаруашылық бағыты оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

1.5. Конференцияға қатысушылар: ШҚО ТжКББ жүйесі оқу орындарының «Ветеринария» мамандығы студенттері. Қатысатын студенттердің жасы шектелмейді.

1.6. Конференция 2 тілде өтеді (қазақ, орыс).

1.7. Конференцияға қатысу өтінімі **2023 жылдың 28 сәуіріне** дейін galia922@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты - жаңартылған білім беру бағдарламасының техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне әсерін айқындау, жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім сапасын арттыру негізінде өзара тәжірибе алмасу.

Міндеттері - ауылшаруашылық мамандарының мәртебесін арттыру және беделін көтеру, жаңартылған білім беру бағдарламасын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне енгізу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру, мақсатқа жетуде озық тәжірибені қолдану және зерттеу жұмысын жалпылау.

3. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу

3.1 Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ өкілдерінен, «Зайсан технология колледжі» КММ әкімшілігі мен оқытушыларынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2 Конференцияны ұйымдастыру комитеті сараптама комиссиясының құрамын бекітеді.

3.3 Конференция 2 кезеңнен тұрады:

1-кезең. Дайындық, өтініштер мен мақалаларды қабылдау **2023 жылдың 28 сәуіріне дейін.**

2-кезең. Конференцияны өткізу - **2023 жылдың 12 мамыры.** Басталуы сағат **10.00-де.**

3.4 Баяндама барысында бейнепрезентация қолдануға болады.

3.5 Сөйлеу уақыты 5-7 минут.

3.6 Конференция жұмыстары төмендегі өлшем шарттар бойынша бағаланады:

№	Бағалау өлшемдері	Максималды орындау баллы
1	Тақырыптың өзектілігі	0-20
2	Тақырыптың ашылуы	0-15
3	Баяндау барысында ой қырытындысы, өз-өзіне сенімділігі, ойлаудың шынайлығы	0-15
4	Қосымша сұрақтарға жауап беруі	0-15
5	АКТ қолдануы	0-15
6	Зерттеу нәтижелері	0-20
	Барлығы:	100

4. Конференцияның негізгі бағыттары

1. СЕКЦИЯ «Жұқпалы аурулар» (індеттану, паразитология, микробиология, вирусология).

2. СЕКЦИЯ «Ветеринариялық-санитариялық сараптама және гигиена».

3. СЕКЦИЯ «Мал шаруашылығының өзекті мәселелері».

Секциялардың жұмысына жаңартылған білім беру бағдарламалары арқылы ветеринариядағы инновацияларды, тың тәжірибелерді, мәселелерді шешу және оларды меңгеру жолдарын ұсынатын қатысушылар шақырылады.

5. Мақалаларды дайындауға қойылатын талаптар

Мақала көлемі библиографияны қоса алғанда компьютерде терілген 10 бет мәтінен (Microsoft Word редакторлары, Google құжаттары, LibreOffice) аспауы тиіс, мақаланың ең аз көлемі - 5 бет болу керек.

Қолжазба жиегі: жоғарғы және төменгі жағы - 20 мм, сол және оң жағы - 20 мм, әріпі - Times New Roman, өлшемі - 12 пт; жоларалық интервал – бірілікті, тегістеу - ені бойынша, шегініс - 10 мм, беттердің нөмірі қойылмайды.

Мақала құрылымы:

1) баяндама - бір жол төмен бас әріптермен мақала жазылған тілде (қою әріппен) жазылады;

2) автор (авторлар) туралы мәліметтер бір жол төмен мақала жазылған тілде: ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда), мекеменің атауы, қаласы, ауданы жазылады;

3) келесі жолдан курсивпен қазақ тіліндегі баяндамалар үшін - аннотация,

орыс тіліндегі баяндамалары үшін – түйіндеме жазылады;

4) баяндаманың негізгі мәтіні келесі жолдан, мақала жазылған тілде басылады;

5) әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір шегіністен кейін көрсетіледі.

6. Сараптама комиссиясының мүшелері

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Утепова Замзагуль Шаймухамедовна	«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары
2	Чилибаев Камбар Какимович	ШҚО ветеринария басқармасының «Зайсан - Вет» ШЖҚ КММ директоры
3	Әділбекова Жанна Әділбекқызы	«Зайсан технология колледжі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а.
4	Маркабаев Мұхтар Қаламович	«Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы» ММ бас маманы

7. Конференцияны қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

1. Секция отырысында жұмыстардың қорытындысы бойынша хаттама толтырылады.

2. Сараптама комиссиясының мүшелері секциялар бойынша балл сандарының негізінде үздік жұмыстарды анықтайды. Жеңімпаздар Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығының I, II, III дәрежелі Дипломдарымен марапатталады.

3. Барлық қатысушылар мен жетекшілерге конференцияны ұйымдастырушылар және Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы тарапынан сертификаттар мен алғыс хаттар беріледі.

* Қосымша ақпарат алу үшін «Зайсан технологиялық колледжі» КММ арнайы пәндер оқытушысы Жайлаубаева Айжан Рыскалиевнаға **87759084648**, «Зайсан технологиялық колледжі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Әділбекова Жанна Әділбекқызына **87779661260**, «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ әдіскері Кадирова Лензат Сериккановнаға **87717522166** хабарласуға болады.

ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің ауылшаруашылық бағытындағы оқу орындарының студенттері арасында өтетін «Шығыс Қазақстан облысының ветеринария және мал шаруашылығының жағдайы мен даму болашағы» атты облыстық ғылыми конференциясына қатысуға

ӨТІНІМ

Студенттің тегі, аты, әкесінің аты	Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты	Оқу орны	Электрондық пошта (e-mail) және байланыс телефоны (хат алмасатын автордың)	Баяндаманың тақырыбы	Секция атауы